



Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 тамыз N 976

Өзара бюджеттік берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Орал Зенит заводы" акционерлік қоғамы мен осы қоғамды конверсиялауға көзделген қаржы жөніндегі республикалық бюджеттің Экономиканы жаңғырту қорына төлем бойынша 3898,0 мың (үш миллион сегіз жүз тоқсан сегіз мың) теңге сомасындағы берешекке аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып, есептеме жүргізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі